

С.Т. Сагындыкова^{1*} , Г.К. Омаров¹ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

*e-mail: symbat_s93@mail.ru

ҚИМАҚ КЕЗЕҢІ ЖЕРЛЕУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа

Қазақстан территориясында қимақ кезеңі археологиялық ескерткіштерінің зерттелу мәселесі шешімін таппаған, кешенді зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың ортасына дейінгі аралықта қимақ ескерткіштері туралы мәліметтер әр түрлі экспедиция есептерінде бірен-саран ғана кездессе, XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап Ертіс бойы, Тарбағатай, Алакөл аймағында Ф.Х. Арсланова кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ерте ортағасыр түркілерінің жерлеу ғұрыптық ескерткіштерін жіктеп, қимақ типіндегі ескерткіштерді жеке шығарады. Осы аралықта А.Г. Максимова, Е.И. Агеева да ерте түркілердің кезеңдемесін жасайды. XX ғасырдың 80-жылдарына дейін қимақ жерлеу ескерткіштеріне байланысты мол мәлімет жиналса, одан кейінгі 30 жыл бойы бұл тақырып мүлдем ұмыт болды. Қазіргі уақытта да Қазақстан археологиясында қимақ жерлеу-ғұрыптық ескерткіштері ең зерттелмеген тақырыптардың бірі болып табылады.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: зерттеу жұмысының мақсаты археологиялық деректер негізінде қимақ кезеңінің материалдық және рухани мәдениеті бойынша деректерді жүйелеу және жинақтау болып табылады. Мақсатқа жету үшін жерлеу-ғұрыптық ескерткіштерінен мәліметтер жиналды және талданды. Зерттеуге салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылды. Нәтижелері: зерттеу нәтижесінде Қазақстанда қимақ кезеңінің жерлеу-ғұрыптық кешендерін анықтау үшін кешенді археологиялық жұмыстар жетіспейтіні анықталды.

Жұмыста XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы зерттеулер қолданылған.

Негізгі сөздер: қимақ, жерлеу-ғұрыптық кешен, ортағасыр, түркілер, археологиялық объект, рухани мәдениет.

Кіріспе

Жазба деректерге сүйенетін болсақ, қимақтардың қалалары да, гүлденіп тұрған мәдениеті де болған. Бірақ іс жүзінде Қазақстан территориясында бірде бір қимақ қаласы табылған емес. Ал жерлеу-ғұрыптық ескерткіштері XX ғасырдың 50-жылдарына дейін саусақпен санарлық қорғандар ғана ғалымдардың зерттеулерінде кездеседі. Тек Ф.Х.Арсланованың кешенді зерттеулерінен кейін ғана жерлеу ескерткіштері негізінде қимақтардың рухани, материалдық мәдениетін қалпына келтіру мүмкін болды. Сонымен қатар, қарастырылып жатқан кезең ескерткіштері Қазақстан территориясымен шектелмейтіндіктен, шетелдік ғалымдардың зерттеулерімен танысу да осы мәселеде маңызды болып табылады. Яғни, қимақтардың мекен еткен аумағы әлі де толықтай анықталмағандықтан, Ресей территориясында орналасқан ескерткіштерді зерттеп, сәйкестендіру қиыншылықтар туғызады. Жазба және археологиялық деректерге сүйене отырып Ф.Х. Арсланова қимақтардың өмір сүру ареалын: жоғарғы және орта Ертіс бойынан жоғарғы Обьке дейін, шығысында - Солтүстік және Батыс Алтайға дейін, батысында - Челябин даласына дейін деп көрсеткен [1. – 146-149]. Б.Е. Кумеков қимақтар IX ғасырдың ортасына дейін шамамен Оңтүстік Оралдың оңтүстік-шығысынан Аралдың батысына дейін, Орталық Қазақстан өңірінен Солтүстік Балқашқа дейін және Солтүстік-Шығыс Жетісуға дейін, шығысында Батыс Алтайдан Құлынды жазығына дейінгі аралықта өмір сүрді деп көрсетеді. Сонымен қатар, қимақтар негізінен Орта Ертіс пен Солтүстік-Шығыс Жетісуды мекендегенін де айтып кетеді [2. – 58].

Қимақ тайпаларының антропологиялық типіне байланысты О. Исагулов 1961, 1964, 1968 жылдары Ф.Х. Арсланова ашқан қимақ кезеңіне жататын 37 қаңқа сүйекке жүргізген зерттеу жұмыстары негізінде Ертіс бойынан табылған бассүйектерде негізінен еуропаидтық белгілер басым екендігін айтады, бірақ сонымен қоса әр түрлі мөлшерде моңғолоидтық та белгілер кездесетіндігін көрсетеді [3. – 63-64].

1980-82 жж. аралығында Шүлбі археологиялық экспедициясының отряды А.С. Ермолаеваның жетекшілігімен Измайловка қорымын зерттеді. Қорым қола дәуірінен ортағасырларға дейінгі аралықтағы ескерткіштерден тұрады, қимақ кезеңі ескерткіштерін ғалымдар IX-X ғғ. мерзімдеді [4. – 141-145].

Ю.И. Трифоновтың жетекшілігімен Шүлбі археологиялық экспедициясы Ақши II қорымын зерттеп, нәтижесінде қимақ кезеңіне тән жерлеу орындары анықталды [5. – 150-168].

Шүлбі археологиялық экспедициясы Ю.И. Трифонов және З. Самашевтың жетекшілігімен Қарашат I, Қарашат II қорымдарында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қарашат I қорымы толығымен дерлік қимақ жерлеу орындарынан тұратындығы анықталды. Ескерткіштерде қимақ кезеңіне тән ат-әбзелдері, әр түрлі қару түрлері (жебе ұштары, семсер, қылыш, пышақтар) табылды [6. – 176-215; 7. – 215-230].

Ресей ғалымдарының ішінде қимақ мәселесімен айналысқан археологтардың бірі ретінде Д.Г. Савиновты айта аламыз. Ғалым бұл тайпалардың таралу аймағына байланысты бірнеше ой-пікірлер білдірген болатын. Яғни, Алтай территориясында ашылған IX-X ғғ. жататын сrostкин мәдениетін ғалым қимақтармен сәйкестендіреді [8. – 94]. Бұл мәдениеттің жерлеу рәсімі де, ат-әбзелдерін, жауынгерлер киімдерін безендіру стилі де қимақтармен сәйкес келеді, бірақ аймақтық ерекшеліктері де байқалады.

В.В. Горбунов Шығыс Қазақстанның қимақ кезеңі қылыш, семсерлерін зерттей келе қимақ дәстүрінде қылышқа қарағанда семсерлер көп кездесетіндігін айтады. Сонымен қатар, жерлеу орындарында қылыш, семсерлердің көптеп табылуы қимақ әлеуметтік маркерлерін анықтауға септігін тигізетіндігі туралы жазған болатын [9. – 131-148].

Ж.О. Артықбаев 2001 жылы Қызыл Еңбек ауылы маңында жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында қимақ кезеңіне жататын қорғаннан жебе ұштары, қылыш, қола ыдыс фрагменттері, сауыт фрагменттері және т.б. заттар табады. Ж.О. Артықбаев табылымдарды IX-XI ғасырларға жатқызады [10. – 93-99].

П.К. Дашковский, З. Самашев, А.А. Тишкин Айна-Бұлақтағы жүргізілген қазба жұмыстары негізінде қимақ кезеңіне жататын екі қорғанды көрсетеді №11 және 38. Қорғандар тоналған, радиокөміртектік сараптама IX-X ғғ. көрсетеді [11. – 35-36].

Егер Ресей территориясында сrostкин мәдениетінің зерттеулері XX ғасырдың 2-жартысында қарқынды жүріп жатса, отандық зерттеушілер өз назарын Ертіс бойына, яғни Шығыс Қазақстан мен Павлодар өңіріндегі ерте ортағасырлық ескерткіштерге енді мән бере бастады. Осы уақыт аралығында ерте ортағасырлық, сонын ішінде қимақ кезеңі қорымдарын зерттеумен Ф.Х. Арсланова айналысқан болатын. Одан кейінгі жылдары қимақ ескерткіштері мүлдем зерттелген жоқ деп айтуға болады. Тек соңғы жиырма жылдың ішінде Шығыс Қазақстан өңірінде З.С. Самашев, Ғ.Қ. Омаров секілді ғалым-археологтар қазба жұмыстарын жүргізіп келеді [12; 13; 14].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы кезінде тарихи объективтілік принципімен салыстырмалы-типологиялық, сипаттамалық, аналитикалық әдістер қолданылды. Қимақ тайпаларының салт-санасы, әдет-ғұрпы, дүниетаным жүйесі мен идеологиялық болмысын зерттеу мәселесі ең өзекті мәселелердің бірі. Сонымен қатар, бүгінгі күні белгілі қимақ кезеңімен мерзімделетін археологиялық ескерткіштерді пәнаралық зерттеу өте маңызды. Радиокөміртекті, рентгенді-флуоресцентті анализдердің, зооархеология, биоархеология

әдістерінің көмегімен археологиялық ескерткіштерді зерттеу заман талабына сай даму процесі болып табылады.

Нәтижелер және оларды талқылаулар

Қимақтардың ортағасырлық түркі тайпаларымен байланысы. Қимақ-қыпшақ тайпалық одақтарының өмір сүру территориясына байланысты бүгінгі күнде ғалымдардың көптеген пікірлері бар. Негізінен Алтайдан Орал тауларына дейін, Сырдариядан Тобылға дейінгі аралықта қимақ-қыпшақ тайпалық бірлестіктері өмір сүрді деген пікірді қазақстандық ғалымдардың көпшілігі ұстанады. Ерте ортағасыр уақытында Қазақстан территориясында тек қана қимақ, қыпшақтар ғана болған жоқ, басқа да түркі тайпалары өмір сүрген болатын. Мұны біз археологиялық зерттеулерден анық көре аламыз, сонымен қатар, тайпалар арасындағы мәдени байланысты да жерлеу ескерткіштері материалдарынан көруге болады. Мысалы, Ертіс бойында орналасқан Бобров, Орлов, Зевакино қорымдарын айтуға болады. Бобров қорымынан табылған керамикалық ыдыстардың көпшілігі Оңтүстік Орал бойы тайпаларының керамикалық кешенінде (куштерьяк және қара-якупов типтері) кездеседі [15. – 140]. Осы қорымнан табылған ат-әбзелдерінің бөліктері: төртбұрышты оюлары бар қапсырмалар, сүйек, мүйізден жасалған сулықтар, ауыздықтардың типтері Оңтүстік Оралдан табылған түркі қорғандарымен ұқсас болып келеді. Мұндай ұқсастықтары Арсланова Ф.Х. Жоғарғы Ертіс бойынан Оңтүстік Орал территориясына кейбір түркі тайпаларының миграциясымен түсіндіреді.

Түркі тайпалары территориясы Қазақстан аймағымен шектелмейтіндіктен миграциялық үдерістер де мәдениет аралық байланыстар да ортағасыр уақытында жиі болған. Мысалы, жоғарыда аталып кеткен сrostкин мәдениеті элементтері Ертіс территориясынан да табылып жатты. Сондықтан да бұл тақырыпты зерттеуші ғалымдар, соның ішінде А.А. Гаврилова Қазақстан территориясындағы сrostкин мәдениетіне ұқсас ескерткіштерді «Сrostкин типіндегі ескерткіш» деп көрсеткен болатын. Ғалым-археологтың ойы бойынша, бұл мәдениет Байқалдан Новосібірге дейінгі аралықта, Тыва мен Таулы Алтайға дейінгі аралықта өмір сүрген [16. – 70]. Бұл мәдениеттің пайда болуына байланысты ғалымдардың көптеген пікірлері бар. Мысалы, сrostкин мәдениетін алғаш мәдениет ретінде бөліп көрсеткен М.П. Грязновтың пікірінше, мәдениет Алтайдағы автохтонды тайпалардың негізінде қалыптасып, кейін Обь бойындағы іргелес аймақтарға тараған, соның ішінде Павлодар өңіріне дейін де жеткен [17]. Ал А.А. Гаврилова және басқа да ғалымдардың пікірі бойынша, сrostкин мәдениеті Алтайда емес басқа жерде қалыптасқан деген пікірде. Яғни, мәдениет түркі тайпаларымен байланысты болуы мүмкін. Сrostкин мәдениетіне қатысты басқа жұмыстарда ғалымдар мәдениет көне түркі тайпаларына тиесілі деген де ой білдірген. Бобров қорымын зерттеу кезінде Ф.Х. Арсланова қимақ жерлеу орындары мен сrostкин жерлеу орындарының, ою-өрнектерінің ұқсастықтарына мән берген болатын.

2022 жылы шыққан еңбектерінде В.В. Горбунов пен А.А. Тишкин сrostкин мәдениетін 4 кезеңге бөліп, өмір сүру уақытын VIII-XII ғғ. деп көрсетеді, соның ішінде қимақ тайпалары мәдениеттің қалыптасуына әсер еткен негізгі тайпалардың бірі екендігі айтылады [18. – 129]. Сrostкин мен қимақ тайпаларының ұқсастығын палеоэтнографиялық деректер де дәлелдейді. Сrostкин мәдениеті өкілдері жартылай көшпелілікпен, аңшылық, балық шаруашылығымен, қосымша егіншілікпен де айналысқан. Жазба деректері бойынша қимақтар да осы шаруашылық типтерімен айналысқан [8. – 99].

Жалпы, қимақтардың басқа да түркі тайпаларымен бір уақытта өмір сүргендігін және түркілік негізін біз жоққа шығара алмаймыз, сондықтан да жерлеу салтында, тайпалардың материалдық, рухани мәдениеттерінде ұқсастықтар өте көп байқалады. Мұндай үрдіс тек Қазақстан территориясындағы жерлеу орындарынан ғана емес көршілес аймақтардан да табылып жатыр. Яғни бұл ортағасыр уақытында тайпалардың миграциясын, мәдениетаралық байланыстарын, айырбас, сауда қарым-қатынастарын айқын көрсетіп тұр.

Қимақтардың жауынгерлік жерлеу орындары. Ерте ортағасырлардағы соғыстардың көп болуы қоғамда жеке жауынгер санатының пайда болуына әкелді. Мұны біз ерте ортағасыр уақытына жататын жерлеу орындарында қару түрлерінің көптеп табылуынан көре аламыз. Сонымен қатар, қорғанның қаншалықты салтанатты болуынан жауынгердің қоғамдағы рөлін анықтай аламыз.

Қазақстан территориясында зерттелген қимақ жерлеу орындарының көпшілігі жауынгерлік жерлеу орындарын құрайды. Құрылысы жағынан қимақ қорғандары сақ кезеңі қорғандары секілді ауқымды, биік болмағанымен бай болып келеді. Қимақ жауынгерлік жерлеу орындары негізінен салтанатты әшекейленген жауынгер киімінен, ат болмаса ат-әбзелдерінен және жауынгерлік атрибуттардан қылыш, пышақ, садақ, жебе ұштарынан тұрады.

1955 жылы Павлодар өңірінде Е.И. Агеева және А.Г. Максимова зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғалымдар экспедиция барысында барлық зерттелген ескерткіштерді 5 топқа жіктеп, төртінші топқа VIII-XII ғғ. жерлеу орындары жатқызылды. Қорғандардан жауынгерлік жерлеу орындарына сай атпен бірге жерлеу, ат-әбзелдері, пышақ, темір қылыштың сынықтары да табылды [19. – 51-56].

Археолог-ғалым Ф.Х. Арсланова Павлодар өңірінде қимақ кезеңі ескерткіштеріне зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Зерттеу жұмыстарының барысында Бобров қорымынан қимақ кезеңіне жататын бірнеше жерлеу орындарын анықтады. Ескерткіштің ерекшеліктері қимақтарға тән жылқы бірге жерленген қабірлер, сонымен қатар кремация әдісі де қолданылған жерлеу орындары, жылқы толықтай емес, жекелеген мүшелері ғана жерленген қабірлер, ағаш қабірлер, сонымен қатар керамика сынықтарын да анықтаған болатын. Ғалымның пікірінше, қорым VII-IX ғасырлармен мерзімделеді. Сонымен қатар, ғалым қорымнан табылған керамикалық ыдыс сынықтары Тыва аумағында табылған керамикалық ыдыстармен сәйкес келетінін де атап өткен болатын [20. – 151-165]. Жерлеу ғұрпының мұндай әр түрлі элементтерінің бір қорымда кездесуі павлодарлық қимақ тайпаларының Шығыс Қазақстан, Алтай, Батыс Сібір түркі тайпаларымен тығыз қарым-қатынаста болғандығын көрсетеді.

Ғ.Қ. Омаров 2014 жылы ШҚО, Күршім ауданы территориясынан Түйетас қорымын ашқан болатын. Қорым Боран ауылының маңында Қара Ертістің жағасында орналасқан. Қорым әр түрлі уақыт аралығына жататын ескерткіштерден тұрады. Сонын ішінде 2,17 м тереңдікте жатқан № 29 қорған қимақ кезеңі жерлеу орны болып табылады. Жерлеу орнынан адам сүйектері табылмады, тек аяқтары бүгулі жатқан жылқы сүйектері аршылды. Сүйектерден жарты метр оңтүстікке қарай ер-тоқым қалдықтары табылды. Ер-тоқымға жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында қайыстан және ағаштан жасалғандығы анықталды. Сонымен қатар, жерлеу орнынан органикалық шірінді қалдықтары да табылды [21. – 35-36].

Ер-тоқыммен қатар қорғаннан үзеңгілер де анықталды, олар ерте ортағасыр уақытына сай жалпақ етіп жасалған. Мұндай үзеңгілер тек қана Қазақстан территориясында ғана емес көршілес мемлекеттердің де территорияларынан анықталған болатын. Мысалы, А.Н. Кирпичников мұндай үзеңгілерді IX-XI ғасырлармен мерзімдейді [22]. Ал басқа жұмыстарда ғалым үзеңгілерді тағы бірнеше топтарға бөледі.

Түйетас қорымынан ат әбзелдеріне жататын басқа да заттар анықталды, солардың ішінде алтын жалатылған қола әшекейлерді айтуға болады. Бұл әшекейлерді анықтау заттарды көтеру кезінде мүмкін болды, себебі әшекейлердің көпшілігі жылқы сүйектерінің астында жатты. Ғалымның қорғанды мерзімдеуі бойынша ескерткіш VIII-X ғасырларға жатады [21. – 35-38].

Ескерткіштен табылған ат-әбзелдері Қ. Алтынбековтың «Остров Крым» зертханасында қалпына келтірілген болатын. Ал табылған мата қалдықтары Эрмитажға жіберіліп, жібек мата екендігі анықталды. Қазіргі уақытта жауынгерлік жылқының ат-

эбзелдерімен бірге жаңғыртпасы жасалды. Жаңғыртпаны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, әл-Фараби кітапханасының екінші қабаттағы экспозициялық залынан көруге болады.

2016 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археологы Ғ.Қ. Омаров «Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының археологиялық ескерткіштері» атты ғылыми жобаның негізінде ШҚО, Күршім ауданы территориясында зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Зерттеу жұмыстары барысында Аян қорымы аршылып, ерте ортағасыр уақытына жататын жерлеу ескерткіштері анықталды. Осы қорымның №1 қорғанынан қимақ жауынгерінің жерлеу орны ашылған болатын. Жерлеу орны диаметрі 5 м құрайтын тас қорғаннан тұрады. 1 м тереңдікте тас жәшіктің ішінен нашар сақталған мәйіт табылды. Мәйіттің оң жағында садаққап, жебе ұштары, ат эбзелдері табылса, сол жақ тұсынан пышақ және ұзындығы 115 см болатын қылыш аршылды. В.В. Горбунов, А.А. Тишкиндердің зерттеулері бойынша мұндай қылыштың аналогиясы Алтайдағы Сростки -І қорымынан табылған болатын [23. – 261-271]. Сонымен қоса бел жағынан кішкентай дорбасы бар жүрек тәріздес оюлармен безендірілген белбеу, аяқ жағынан қойдың сүйектері табылған болатын. Жүргізілген радиоқөміртектік сараптама бойынша қорған VII-VIII ғасырларға жатқызылады [13. – 941-958]. Торевтика заттарындағы ою-өрнектер Шығыс Қазақстан территориясындағы басқа да қимақ жерлеу орындарынан табылған бұйымдармен сәйкес келеді. Бұл қорымның табылуы қимақ мемлекетінің ауқымын көрсетіп тұр.

Қорымнан табылған ат-эбзелдерінің жаңғыртпасы «Қырым аралы» зертханасында жасалып, қазіргі уақытта ҚР Ұлттық музейінде сақтаулы. Ғалымның пікірі бойынша, қимақтар Шығыс Қазақстан территориясында IX ғасырдан емес одан ерте уақыттан бастап өз үстемдігін жүргізген.

2021 жылы Елеке Сазында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде қимақ кезеңіне жататын №3 қорғаннан жебе ұштары, темір пышақ және басқа элементтер табылды [24. – 129-137].

Соңғы зерттеулердің бірі ретінде 2022 жылы Қатон-Қарағай ауданында орналасқан Қансар қорымында жүргізілген зерттеулерді айтуға болады. Қорымнан қимақтарға тән қылыш, балта, жебе ұштары, ат-эбзелдерінің элементтері табылған болатын [25. – 246-253].

Археологиялық деректер бойынша қимақ тайпаларының рухани мәдениеті.

Кез келген тайпалар, археологиялық мәдениеттердің рухани мәдениетін жерлеу орындарынан көруге болады. Себебі, адамдардың жерлеу салттары қай тарихи кезең болмасын наным-сенімдермен тікелей байланысты. Бірақ бүгінгі күні қимақтардың тек қана жерлеу ескерткіштері белгілі болғандықтан рухани мәдениетін де материалдық мұра қалдықтары негізінде зерттейміз.

Қимақтардың жазуына байланысты 1969 жылы Ф.Х. Арсланова зерттеу жұмыстарын жүргізген Зевакино қорымы мәлімет береді. IX-X ғғ. жататын ескерткіштен қимақ әйелінің қабірі ашылып, руникалық жазуы бар қола айна табылған болатын [26. – 306-315].

2015 жылы ШҚО, Күршім ауданы территориясында Алтай археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде жергілікті тұрғындар экспедиция жетекшісі Ғ.Қ. Омаровқа жазуы бар қара түсті тасты табыстаған болатын. Зерттеу нәтижесінде тастағы жазулар VIII-IX ғғ. жататындығы анықталды [27. – 171].

IX-XI ғғ. қимақтарда көне тәңірлік дін негізгі рөл атқарған. Сонымен қатар от культі да болғандығы күмән тудырмайды. Жерлеу орындарынан ағаш күлінің кездесуі ортағасырларда емес, тас дәуірінен бастап қола және ерте темір дәуірінде де Қазақстан территориясы мен көршілес аудандарда да орын алған.

Шығыс Қазақстанда қимақ жерлеу орындары бойынша 1972 жылы Ф.Х. Арсланова өртеп жерлеу әдісі кездесетін 14 жерлеу орнын анықтаған болатын. Олар Шемонаиха, Зевакино, Камышинки ауылдары маңынан зерттелді. Өртеп жерлеу жалғыз да топтық та жерлеу орындарында кездескен. Яғни қорғанның қасында орналасқан алаңда мәйіттерді өртеген, содан кейін тұрмыстық заттар, ат-эбзелдерімен қоса қорғанға жерлеген. Тек екі

қорғанда ғана жауынгерлік заттар табылған, яғни қылыш, жебе ұштары. Кейбір жағдайларда қорғанның қасынан құрбандық шалу орындары да кездеседі. Мұндай жерлеу салты Тыва жерлеу орындарында кездеседі және мәдениетаралық байланыстардың болғандығын дәлелдейді [28. – 56-76].

2012-2015 жж. Аралығында Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданында З. Самашев 60 жуық әр түрлі уақыт аралығына жататын қорғандарда зерттеу жұмысын жүргізген болатын. Қарақаба қорымынан ерте ортағасыр уақытына жататын 8 қорған анықталған. Бұл жердегі қорғандардың ерекшелігі мәйіттің ақымда жерленуі, ат-әбзелдерінің мәйіттің аяқ жағынан табылуы, сонымен қатар шаманизм культінің белгісі ретінде екі қорғандағы мәйіттердің бас сүйектерінен трепанацияланған ойықтардың табылуы. Трепанациялық ойықтардың тартылуынан адамның трепанациядан кейін өмір сүргендігін білуге болады. Мұндай іс әрекеттер шаманизм культімен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, екі қорғаннан шекті музыкалық аспаптар табылды. Мұндай белгілермен табылған қорғандарды абыздар қатарына, діни өкілдерге жатқызуға болады. Сондай ақ, З. Самашевтың пікірі бойынша, жауынгерлік жерлеу орындарының тұратын Қарақаба қорымын ерекше әлеуметтік топты құрайтын қимақтар жерленген деп топшылауға болады [12. – 379-409].

Қорытынды

Қорытар болсақ, қимақ рухани мәдениеті әлі де зерттеулер жүргізуді талап ететін тақырыптардың бірі болып табылады. Қимақ жерлеу орындарына байланысты еңбектер шығып жатқанымен, рухани мәдениетін саралайтын еңбектер өте аз. Жоғарыда көрсетілген зерттеулерден қимақтарда шаманизм де, от культі де, жылқы культі де, тәңіршілдік болғанын да байқауға болады, мұны басқа түркі тайпаларымен тығыз қарым-қатынастармен және қимақтардың өзі тайпалар бірлестігінен тұратындығымен түсіндіре аламыз.

Сонымен қатар зерттеу жұмыстарынан қимақтардың аймақтық ерекшеліктерін де көруге болады, Павлодар өңірін зерттеген ғалымдар қимақтардың бір жақты белгілерін көрсетсе, Шығыс Қазақстан өңірінде мүлдем басқа белгілерді көруге болады. З. Самашевтың еңбегінен бүгінгі күнге дейін белгісіз болып келген абыз қимақтар тобын да ерекше атап өтуге болады. Себебі, мұндай қорымдар әлі Қазақстаннан табылған емес.

Жалпы, қимақ жерлеу орындары кешенді зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі. Бұл тақырыпқа байланысты әлі де зерттеу жұмыстары өте аз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Арсланова Ф.Х. Контакты кимаков с самодийско-угорским населением Обь-Иртышского междуречья // Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. – Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. – 2013. – С. 146-149.

2 Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 156 с.

3 Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологическое исследование). – Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР, 1970. – 237 с.

4 Арсланова Ф.Х., Ермолаева А.С. Памятники кимаков левобережья Иртыша // Этническая история тюркоязычных народов Сибири и сопредельных территорий: Тезисы докладов областной научной конференции по антропологии, археологии и этнографии. – Омск, 1984. – С. 141-145.

5 Трифонов Ю.И. Акчий II // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата: Наука, 1987. – С. 150-168.

6 Трифонов Ю.И., Самашев З. Карашат I // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата: Наука, 1987. – С.176-215.

7 Трифонов Ю.И., Самашев З. Карашат II // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата: Наука, 1987. – С.215-230.

8 Савинов Д.Г. Расселение кимаков по археологическим данным // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. – Алма-Ата, 1976. – С. 94-104.

- 9 Горбунов В.В. Мечи и сабли кимаків восточного Казахстана // Труды Седьмой Международной научно-практической конференции «Война и оружие. Новые материалы и исследования» в пяти частях. Часть 2. – Санкт-Петербург: ВИМАИВиВС, 2016. – С. 131-148.
- 10 Артыкбаев Ж. Среднее Прииртышье в контексте проблем истории Евразийских степей/этноисторический и этноархеологический опыт исследования. – Т. I. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2007. – 267 с.
- 11 Дашковский П.К., Самашев З., Тишкин А.А. Комплекс археологических памятников Айна-Булак в Верхнем Прииртышье (Восточный Казахстан). – Барнаул: Азбука, 2007. – 96 с.
- 12 Самашев З. Памятники средневековых кочевников верховий р.Каракаба в Казахском Алтае // Алтай в кругу евразийских древностей / отв. ред. А.П. Деревянко, В.И. Молодин. – Новосибирск: ИАЭТ СО РАН. – 2016. – С. 379-409.
- 13 Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Баймуханов Н.Б., Сагындыкова С.Т. Вооружение и конское снаряжение средневековых кочевников Восточного Казахстана (по материалам могильника Аян) // «Мир большого Алтая» международный научный журнал / главный редактор - Даниал Ахметов. – Өскемен. – № 6(2). – 2020. – С. 941-958.
- 14 Omarov G., Besetayev B., Sagyndykova S. Horse equipment of medieval nomads of the Kazakh Altai (based on materials from the Tuyetas burial ground) // Archaeological Research in Asia. Volume 31. 2022. Pp.1-15.
- 15 Арсланова Ф.Х. О связях племен Верхнего Прииртышья с населением Южного Урала и Поволжья // Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. – Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2013. – С. 140-146.
- 16 Гаврилова А.А. Могильник Кудыргэ как источник по истории алтайских племён. – Москва. – 1965. – С. 72.
- 17 Грязнов М.П. История древних племён верхней Оби. – МИА. – №48. – 1956. – 151 с.
- 18 Горбунов В.В., Тишкин А.А. Курганы сrostкинской культуры на Приобском плато. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2022. – 320 с.
- 19 Агеева Е.И., Максимова А.Г. Отчет Павлодарской экспедиции 1955 года // Труды института истории, археологии и этнографии АН КазССР / ответ.редактор К.А. Акишев. – Том 7. – Алма-Ата: издательство АН КазССР. – 1959. – С. 32-58.
- 20 Арсланова Ф.Х. Бобровский могильник // Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. –Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2013. – С. 151-165.
- 21 Омаров Г.К. Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының археологиялық ескерткіштері / Ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі (қорытынды) есебі. – Алматы. – 2014. – 125 б. // КазГОСИНИТИ. Инв № 0213РК02568.
- 22 Кирпичников А.Н. Снаряжение всадника и верхового коня на Руси IX–XIII вв. / АН СССР. ИА. Л.: Наука. – 112 с.
- 23 Горбунов В.В., Тишкин А.А. Меч из раннесредневекового памятника Сrostки – I на Алтае // Сборник в честь 70-летия проф. доктора Борис Д. Борисова. – София: «Фабер», Велико Тырново. – 2023. – С. 261-271.
- 24 Самашев З., Айткали А., Курмангалиев А.К., Sevinc E. Предварительные результаты исследования курганов древнетюркской эпохи из долины Елеке Сазы в 2021 году // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі: зерттеулер жинағы. – Усть-Каменогорск, 2021. – С. 129-137.
- 25 Самашев З., Айткали А., Жангалиев У., Рахманкулов Е. Курганы кимакского времени на могильнике Кансар в Казахском Алтае // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі: зерттеулер жинағы. – Көкшетау: «Көкше-Полиграфия» АҚ. – 2022. – С. 246-253.
- 26 Арсланова Ф.Х., Кляшторный С.Г. Руническая надпись на зеркале из Верхнего Прииртышья // Тюркологический сборник-1972. – М. – 1973. – С. 306-315.
- 27 Омаров Г.К., Базылхан Н. Шығыс Қазақстан облысы Қабырғаталдан жаңадан табылған көне түрік бітік жазулы ескерткіш туралы (алғашқы талдау) // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №6 (158). – 2015. – 168-171 бб.
- 28 Арсланова Ф.Х. Курганы с трупосожжением в Верхнем Прииртышье // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата. – 1972. – С. 56-76.

ПОГРЕБАЛЬНЫЕ ПАМЯТНИКИ КИМАКСКОГО ПЕРИОДА: НА ОСНОВЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ДАННЫХ

Аннотация

Проблема изучения археологических памятников Кимакского периода на территории Казахстана является одной из нерешенных тем, требующих комплексного изучения. В период с конца XIX века до середины XX века сведения о памятниках кимаків встречались очень редко в отчетах различных экспедиций,

лишь с 50-х годов XX века на протяжении всего Иртыша, Тарбагатай и Алакольского региона Ф.Х. Арсланова начала проводить комплексные исследования, классифицировав погребально-поминальные памятники тюрков раннего средневековья и отдельно выделила памятники кимакского периода. А.Г. Максимова и Е.И. Агеева также предложили периодизацию ранних тюрков. Если до 80-х годов XX века шли активные исследования кимакских погребальных памятников, то в течении последующих 30 лет эта тема была полностью забыта. В настоящее время в археологии Казахстана погребально-поминальные памятники кимакского периода являются одной из самых неизведанных тем.

Цели и задачи работы: целью исследования является систематизация и сбор данных по материальной и духовной культуре кимакского периода по материалам археологических исследований. Для выполнения цели были собраны и проанализированы данные из погребальных памятников, также применены сравнительно-исторические, сравнительно-типологические методы исследования. Результаты: в результате исследования было выявлено, что в Казахстане не хватает комплексных археологических работ для выявления погребально-поминальных комплексов кимакского периода.

В работе использованы исследования с 60-х годов XX века до наших дней.

Ключевые слова: кимак, погребально-поминальный комплекс, средневековье, тюрки, археологический объект, духовная культура.

BURIAL SITES OF THE KIMAK PERIOD: BASED ON ARCHAEOLOGICAL SOURCES

Abstract

The problem of studying the Kimak period's archaeological sites on Kazakhstan's territory is one of the unresolved topics that requires a comprehensive study. In the period from the end of the XIX century to the middle of the XX century, information about the sites of the Kimaks was scarce in the reports of various expeditions, only from the 50s of the XX century throughout the Irtysh, Tarbagatai and Alakol region F.H. Arslanova began to conduct comprehensive studies, classifying funerary and memorial monuments of the Turks of the early Middle Ages and separately identified the sites of the Kimak period. A.G. Maksimova and E.I. Ageyeva also proposed the periodization of the early Turks. Until the 80s of the 20th century, there were active studies of Kimak burial sites, but during the next 30 years, this topic was forgotten entirely. Currently, in the archaeology of Kazakhstan, funerary and memorial sites of the Kimak period are one of the most unexplored topics.

Aims and objectives of the work: The study aims to systematize and collect data on the material and spiritual culture of the Kimak period based on archaeological research materials. Data from funerary monuments were collected and analyzed to achieve this goal, and comparative historical and typological research methods were applied. Results: The study revealed that there is not enough comprehensive archaeological work in Kazakhstan to identify funeral and memorial complexes of the Kimak period.

The work uses research from the 60s of the 20th century to the present day.

Keywords: kimak, funeral and memorial complex, Middle Ages, Turks, archaeological site, spiritual culture.

REFERENCES

- 1 Arslanova F.Kh. Kontakty kımakov s samodıısko-ugorskim naseleniem Ob'-Irtyshskogo mezhdurech'ya [*Contacts of Kimaks with the Samoyed-Ugric population of the Ob-Irtysh interfluvium*] // Ocherki srednevekovoy arheologii Verhnego Priirtysh'ya. Astana: Izdatel'skaya gruppa filiala Instituta arheologii im. A.H. Margulana v g. Astana. 2013. P. 146-149. [in Russian]
- 2 Kumekov B.E. Gosudarstvo kımakov IX-XI vv. po arabskim istochnikam. [*The Kimak state of the IX-XI centuries according to Arabic sources*]. Alma-Ata: Nauka. 1972. 156 p. [in Russian]
- 3 Ismagulov O. Naselenie Kazakhstana ot epokı bronzy do sovremennosti (paleoantropologicheskoe issledovanie). [*The population of Kazakhstan from the Bronze Age to the present (paleoanthropological study)*]. Alma-Ata: «Nauka» Kazahskoy SSR. 1970. 237 p. [in Russian]
- 4 Arslanova F.Kh., Yermolaeva A.S. Pamyatniki kımakov levoberezh'ya Irtysha [*Sites of the Kimaks of the left bank of the Irtysh*] // Etnicheskaya istoriya turkoyazychnyh narodov Sibiri i sopredel'nyh territorii: Tezisy dokladov oblastnoy nauchnoy konferentsii po antropologii, arheologii i etnografii. Omsk. 1984. P. 141-145. [in Russian]
- 5 Trifonov U.I. Akchi II. [*Akshi II*]. // Arheologicheskie pamyatniki v zone zatopeniya Shul'bınskoy GES. Alma-Ata: Nauka. 1987. P. 150-168. [in Russian]
- 6 Trifonov U.I., Samashev Z. Karashat I. [*Karashat I*]. // Arheologicheskie pamyatniki v zone zatopeniya Shul'bınskoy GES. Alma-Ata: Nauka. 1987. P.176-215. [in Russian]
- 7 Trifonov U.I., Samashev Z. Karashat II. [*Karashat II*]. // Arheologicheskie pamyatniki v zone zatopeniya Shul'bınskoy GES. Alma-Ata: Nauka. 1987. P.215-230. [in Russian]

- 8 Savinov D.G. Rasselenie kimakov po arheologicheskim dannym. [Settlement of the Kimaks according to archaeological data]. // Proshloe Kazahstana po arheologicheskim istochnikam. Alma-Ata. 1976. P. 94-104. [in Russian]
- 9 Gorbunov V.V. Mechı ı sablı kimakov vostochnogo Kazahstana [Swords and sabers of Kimaks of East Kazakhstan] // Trudy Sed'moy Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «Voina ı oruzhie. Novye materialy i issledovaniya» v pyati chastyah. Chast' 2. Sankt- Peterburg: VIMAIViVS. 2016. P. 131-148. [in Russian]
- 10 Artykbaev Zh. Srednee Priirtysh'e v kontekste problem istorii Evraziyskikh stepey / etnoistoricheskii i etnoarheologicheskii opyt issledovaniya. [The Middle Irtysh region in the context of the problems of the history of the Eurasian steppes / ethnohistorical and ethnoarchaeological research experience]. T. I. Pavlodar: TOO NPF «EKO». 2007. 267 p. [in Russian]
- 11 Dashkovskii P.K., Samashev Z., Tishkin A.A. Kompleks arheologicheskikh pamyatnikov Aina-Bulak v Verhnem Priirtysh'e (Vostochnyi Kazakhstan). [Aina-Bulak complex of archaeological monuments in the Upper Irtysh region (East Kazakhstan)]. Barnaul: Azbuka. 2007. 96 p. [in Russian]
- 12 Samashev Z. Pamyatniki srednevekovykh kochevnikov verhovii r.Karakaba v Kazahskom Altae. [Monuments of medieval nomads of the upper reaches of the Kara-Kaba River in the Kazakh Altai]. // Altai v krugu evraziyskikh drevnostey / otv. red. A.P. Derevyanko, V.I. Molodin. Novosibirsk: IAET SO RAN. 2016. P. 379-409. [in Russian]
- 13 Omarov G.K., Besetaev B.B., Baimuhanov N.B., Sagyndykova S.T. Vooruzhenie ı konskoe snaryazhenie srednevekovykh kochevnikov Vostochnogo Kazahstana (po materialam mogil'nika Ayan). [Armament and horse equipment of medieval nomads of East Kazakhstan (based on the materials of the Ayan burial ground)]. // «Mir bol'shogo Altaya» mezhdunarodnyi nauchnyi zhurnal / glavnyi redaktor - Daniial Ahmetov. Oskemen. № 6(2). 2020. P. 941-958. [in Russian]
- 14 Omarov G., Besetayev B., Sagyndykova S. Horse equipment of medieval nomads of the Kazakh Altai (based on materials from the Tuyetas burial ground) // Archaeological Research in Asia. Volume 31. 2022. Pp.1-15. [in English]
- 15 Arslanova F.Kh. O svyazyah plemen Verhnego Priirtysh'ya s naseleniem Uzhnogo Urala ı Povolzh'ya [About the relations of the tribes of the Upper Irtysh region with the population of the Southern Urals and the Volga region] // Ocherki srednevekovoy arheologii Verhnego Priirtysh'ya. Astana: Izdatel'skaya gruppa filiala Instituta arheologii im. A.H. Margulana v g. Astana. 2013. P. 140-146. [in Russian]
- 16 Gavrilova A.A. Mogil'nik Kudyrge kak istochnik po istorii altaiskikh plemen. [Kudyrge burial ground as a source on the history of Altai tribes]. Moskva. 1965. 72 p. [in Russian]
- 17 Gryaznov M.P. Istoriya drevnih plemen verhnei Obi. [The history of the ancient tribes of the Upper Ob]. MIA, №48. 1956. 151 p. [in Russian]
- 18 Gorbunov V.V., Tishkin A.A. Kurgany srostkinskoy kul'tury na Priobskom plato. [Mounds of the Srostkin culture on the Priobsky plateau]. Barnaul: Izd-vo Alt. un-ta. 2022. 320 p. [in Russian]
- 19 Ageeva E.I., Maksimova A.G. Otchet Pavlodarskoy ekspeditsii 1955 goda [The report of the Pavlodar expedition in 1955] // Trudy instituta istorii, arheologii i etnografii AN KazSSR / otvet.redaktor K.A. Akishev. Tom 7. Alma-Ata:izdatel'stvo An KazSSR. 1959. P. 32-58. [in Russian]
- 20 Arslanova F.Kh. Bobrovskii mogil'nik [Bobrov burial ground] // Ocherki srednevekovoy arheologii Verhnego Priirtysh'ya. Astana: Izdatel'skaya gruppa filiala Instituta arheologii im. A.H. Margulana v g. Astana. 2013. P. 151-165. [in Russian]
- 21 Omarov G.K. Shygys Qazaqstan oblysy Kurshim audanynyn arheologialyq eskertkishteri / Gylymi-zertteu zhumysy jonindegi (qorytyndy) esebi. [Archaeological sites of Kurchum District of East Kazakhstan region / report on research work (Final)]. Almaty. 2014. 125 p. // KazGOSINTI. Inv № 0213RK02568. [in Kazakh]
- 22 Kirpichnikov A.N. Snaryazhenie vsadnika ı verhovogo konya na Rusi IX-XIII vv. [Equipment of a rider and a riding horse in Russia of the IX-XIII centuries.]. // AN SSSR. IA. L: Nauka. 112 p. [in Russian]
- 23 Gorbunov V.V., Tishkin A.A. Mech iz rannesrednevekovogo pamyatnika Srostki – I na Altae. [A sword from the early medieval monument of Srostki – I in Altai] // Sbornik v chest' 70-letiya prof. doktora Boris D. Borisova. Sofiya: «Faber», Veliko Tyrnovo. 2023. P. 261-271. [in Russian]
- 24 Samashev Z., Aitkali A., Kurmangaliev A.K., Sevinc E. Predvaritel'nye rezul'taty issledovaniya kurganov drevneturkskoy epohi iz doliny Eleke Sazy v 2021 godu. [Preliminary results of the study of ancient Turkic burial mounds from the Eleke Sazy Valley in 2021]. // Altai – turki aleminin altyn besigi: zertteuler zhinary. Us't-Kamenogorsk. 2021. P. 129-137. [in Russian]
- 25 Samashev Z., Aitkali A., Zhangaliev Y., Rahmankulov E.. Kurgany kımakskogo vremeni na mogil'nike Kansar v Kazahskom Altae. [Burial mounds of the Kimak period at the Kansar burial ground in the Kazakh Altai]. // Altai – turki aleminin altyn besigi: zertteuler zhinary. Kokshetau: «Kokshe-Poligrafiya» AQ. 2022. P. 246-253. [in Russian]
- 26 Arslanova F.Kh., Klyashtornyi S.G. Runicheskaya nadpis' na zerkale iz Verhnego Priirtysh'ya [Runic inscription on the mirror from the Upper Irtysh region] // Turkologicheskii sbornik-1972. M. 1973. P. 306-315. [in Russian]

27 Omarov G.K., Bazylyan N. Shygys Qazaqstan oblysy Qabyrgataldan zhanadan tabylgan kone turik bitik zhazuly eskertkish turaly (algashqy taldaу). [About the recently discovered ancient Turkic written monument from Kabyrgatal, East Kazakhstan region (primary analysis)]. // QazUU habarshysy. Filologiya seriasy. №6 (158). 2015. 168-171 pp. [in Kazakh]

28 Arslanova F.Kh. Kurgany s truposozhzhением v Verhnem Priirtysh'e [Burial mounds with a corpse in the Upper Irtysh region] // Poiski i raskopki v Kazahstane. Alma-Ata. 1972. P. 56-76. [in Russian].

Information about authors:

Symbat Sagyndykova – **corresponding author**, a doctoral student at the Department of Archeology, Ethnology and Museology of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

E-mail: symbat_s93@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2202-214X>

Gani Omarov – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of Archeology, Ethnology and Museology of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Информация об авторах:

Сымбат Сагындыкова – **основной автор**, докторант кафедры археологии, этнологии и музеологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, г.Алматы, Республика Казахстан

E-mail: symbat_s93@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2202-214X>

Гани Омаров – кандидат исторических наук, доцент кафедры археологии, этнологии и музеологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, г.Алматы, Республика Казахстан.

E-mail: gany_omarov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9142-8763>

Авторлар туралы ақпарат:

Сымбат Сагындыкова – **негізгі автор**, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, археология, этнология және музеология кафедрасының докторанты. Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: symbat_s93@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2202-214X>

Гани Омаров – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті. Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: gany_omarov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9142-8763>